

"Рудный қалалық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы

Костанай облысы Рудный қаласы мәслихатының 2023 жылғы 7 сәуірдегі № 8 шешімі

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 590 қаулысымен, Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 3 желтоқсандағы № 704 Жарлығымен бекітілген мәслихаттың Ұлгілік регламентінің 79-тармағына сәйкес Рудный қалалық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Қоса беріліп отырған "Рудный қалалық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже бекітілсін.
2. Мәслихаттың 2017 жылғы 31 наурыздағы № 106 "Рудный қалалық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы" шешімі жойылсын.
3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

Қалалық мәслихат төрағасы

A. Исқаков

Мәслихаттың
2023 жылғы 7 сәуірдегі
№ 8 шешімімен
бекітілді

"Рудный қалалық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже

1. Жалпы ережелер

1. "Рудный қалалық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – мәслихат аппараты) Рудный қалалық мәслихатының (бұдан әрі - мәслихат) ұйымдастырушылық, құқықтық, материалдық-техникалық және басқа да қамтамасыз етуді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Мәслихат аппаратының ведомстволары жоқ.
3. Мәслихат аппараты өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.
4. Мәслихат аппараты мемлекеттік мекеменің ұйымдастырушылық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік

Елтаңбасы бейнеленген, қазақ және орыс тілдерінде өз атавы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. Мәслихат аппараты азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.
6. Мәслихат аппараты егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.
7. Мәслихат аппараты өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен мәслихат төрағасының өкімдерімен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.
8. Мәслихат аппаратының құрылымы және штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.
9. Занды тұлғаның орналасқан жері: индекс 111500, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Рудный қаласы, Ленин көшесі, 95.
10. Осы Ереже мәслихат аппаратының құрылтай құжаты болып табылады.
11. Мәслихат аппаратының қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.
12. Мәслихат аппаратына кәсіпкерлік субъектілерімен мәслихат аппаратының өкілеттігі болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер мәслихат аппаратына заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер, егер заңнамада өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Мәслихат аппаратының міндеттері мен өкілеттіктері

13. Міндеттері: Мәслихаттың, оның органдарының және депутаттардың ақпараттық-талдамалық, құқықтық, ұйымдастыруышылық, сессиялық және өзге де қызметтің қамтамасыз ету.

14. Өкілеттіктері:
 - 1) құқықтары:

өз құзыреті шегінде занды және жеке тұлғалармен азаматтық-құқықтық қатынастарға түсуге, шарттар жассуға және қолданыстағы заңнамаға қайши келмейтін өзге де қызметті жүзеге асыруға;

өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдардан, лауазымды адамдардан және өзге де ұйымдардан, сондай-ақ лауазымды адамдардан, азаматтардан жүктелген міндеттер мен функцияларды орындау үшін қажетті ақпаратты, мәліметтерді, құжаттарды және өзге де материалдарды сұратуға және алуға;

мәслихат аппаратының қарауына жатқызылған мәселелер бойынша қызметтік хат алмасуды жүргізу;

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтардың болуы;
2) міндеттері:

өз қызметін жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы талаптарының сақталуына қамтамасыз ету;

мәслихат депутаттарының қызметіне әдістемелік басшылықты жүзеге асыру;

аппараттың жұмысын жоспарлау, мәслихат пен оның органдарының отырыстарын, кенестерін, семинарларын және мәслихаттың басқа да іс-шараларын өткізу, оларды дайындауды және өткізуді ұйымдастыру;

мәслихат пен оның органдарының отырыстарына қатысу;

депутаттарға өз өкілеттіктерін жүзеге асыруға көмек көрсету;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

15. Функциялары:

мәслихат пен оның органдарының қызметін ұйымдастырушылық қамтамасыз ету;

мәслихат пен оның органдарының қызметін құқықтық қамтамасыз ету;

мәслихаттың басқа мемлекеттік органдармен және ұйымдармен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету;

мәслихат пен оның органдарының қызметін интернет-ресурста жариялауды қамтамасыз ету;

мәслихаттың қарауына келіп түскен шешімдердің жобалары бойынша жұмыс жасау

;

мәслихат депутаттарының заңнамада белгіленген құзыреттерді іске асыруына көмек көрсету;

мәслихат қызметін құжаттамалық қамтамасыз ету;

мәслихаттың кадр мәселелерін шешуді қамтамасыз ету;

мәслихат қызметін материалдық-техникалық қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасының заңнамасында ұсынылған өкілеттіктер шегінде мәслихат пен оның органдарының мемлекеттік органдармен, бұқаралық ақпарат қуралдарымен, қоғамдық ұйымдармен және азаматтармен өзара іс-қимылын жүзеге асырады;

мәслихат пен оның органдарының қызметін бұқаралық ақпарат қуралдарында жариялауды қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

депутаттардың, мәслихаттың тұрақты, уақытша және өзге де комиссияларының ұсыныстары негізінде мәслихат жұмысының перспективалық жоспарларын құрады, оның қызметі туралы есептер дайындауды;

мәслихат депутаттарының қызметін құқықтық қамтамасыз ету;

сессияларда қаралатын мәселелерді мәслихаттың тұрақты, уақытша және өзге де комиссияларының отырыстарында алдын ала талқылауды ұйымдастырады,

депутаттарға шешімдер мен қорытындылардың жобаларын сапалы дайындау мәселелерінде көмек көрсетеді, мәслихат сессияларының және оның органдарының хаттамаларын жүргізеді;

мәслихат актілерін әзірлеуге қатысады, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жағдайларда оларды әділет органдарына мемлекеттік тіркеуге жібереді;

әкімшілік-аумақтық құрылым мәселелері бойынша материалдар дайындауға қатысады, депутаттарды оқытууды жүзеге асырады, барлық деңгейдегі мәслихаттардың озық жұмыс тәжірибесін жинақтайды және практикаға енгізеді;

өз күзыреті шегінде мәслихат регламентінің сақталуын қамтамасыз етеді;

жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін Қазақстан Республикасының заңнамасында ұсынылған өкілеттіктер шегінде қарайды;

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

3. Мәслихат төрағасының, мәслихат аппараты басшысының мәртебесі, өкілеттігі

16. Мәслихат аппаратына басшылықты мәслихат аппаратына жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болатын мәслихат төрағасы жүзеге асырады.

17. Мәслихат төрағасы сессияда депутаттар арасынан ашық немесе жасырын дауыс беру арқылы депутаттардың жалпы санының көпшілік даусымен мәслихатпен сайланады және қызметтен босатылады.

18. Мәслихат төрағасының орынбасарлары жоқ.

19. Мәслихат төрағасының өкілеттіктері:

мәслихат сессиясын және оның қарауына енгізілетін мәселелерді дайындауды үйімдастырады, сессияның күн тәртібін қалыптастырады, хаттама жасауды қамтамасыз етеді, мәслихат сессиясында қабылданған немесе бекітілген шешімдерге, өзге де құжаттараға қол қояды;

мәслихат сессиясын шақыру туралы шешім қабылдайды;

мәслихат сессиясының отырыстарын жүргізеді, мәслихат регламентінің сақталуын қамтамасыз етеді;

мәслихат депутаттарының өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына жәрдемдеседі, оларды қажетті ақпаратпен қамтамасыз етеді, депутаттарды мәслихат сессияларына, оның тұрақты комиссиялары мен өзге де органдарының жұмысына қатысу үшін қызметтік міндеттерін орындаудан босатуға байланысты мәселелерді қарайды;

депутаттардың саулдарының және депутаттық өтініштердің қаралуын бақылайды;

мәслихат аппаратының қызметіне басшылық жасайды, оның қызметшілерін қызметке тағайындейды және қызметтен босатады;

мәслихаттың өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен өзара іс-қимылын үйымдастырады;

өз құзыретіндегі мәселелер бойынша өкімдер шығарады;

мәслихаттың тұрақты комиссиялары мен өзге де органдарының және депутаттық топтардың қызметін үйлестіреді;

мемлекеттік органдармен, ұйымдармен, жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен және қоғамдық бірлестіктермен қатынастарда мәслихат атынан өкілдік етеді;

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді орындауды мәслихат атынан өкілдік етеді.

Мәслихат төрағасы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін орындауды мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірінің төрағасы немесе мәслихат депутаты жүзеге асырады

20. Мәслихат аппаратын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын аппарат басшысы басқарады.

4. Мәслихат аппаратының мүлкі

21. Мәслихат аппаратының заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Мәслихат аппаратының мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Мәслихат аппаратына бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, мәслихат аппараты өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алғанған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқылы.

5. Мәслихат аппаратын қайта үйымдастыру және тарату

24. Мәслихат аппаратын қайта үйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.